



Павлодар облыстық газеті
1929 жылғы 15 ақпаннан шығады

SARYARQA SAMALY



15 қаңтар, бейсенбі
2026 жыл
№2 (16121)

ssamaly29@gmail.com

www.saryarka-samaly.kz

facebook.com/saryarqasamaly

@saryarqa_samaly

@saryarqa_samaly

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қақаған аяз бет қаратпайды



Коллажды жасаған - М.Мұстафина.

Нақпа-нақ

Биыл облыс
көлемінде

17

ауыл әкімі
сайланады

ТІКЕЛЕЙ ЭФИР


ҮЙ САЛУ ҮДЕЙ ТҮСЕДІ



4-5
беттер

МӘСЕЛЕ

ДОНОРДЫ КҮТІП,
ДЕМІ ҮЗІЛДІ



9
бет

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖЫЛУ ЖЕЛІЛЕРІНІҢ
АХУАЛЫ ҚАНДАЙ?



13
бет



Телефон камерасымен осы
QR кодты сканерлеу арқылы
видео көре аласыз.

Сарыарқаға сақылдаған сары аяз келді. Мамандардың болжамынша, өңірімізде -30 және одан да төмен градусық ауа райы апта соңына дейін жалғасады. Сондықтан жергілікті билік қауіпсіздік шараларын күшейтіп, тұрғындарға алыс жолға шықпауға кеңес берді. Осы аптаға жоспарланған спорттық, мәдени шаралар да кейінге шегерілді.

Жалғасы 2-бетте ►►

Құттықтаймыз!

Парасатты ұстаз

Ұлы ғұлама Әл-Фарабидің «Ұстаз жаратылысынан жаны жайсаң, жаңашылдыққа құштар, мейлінше шешен, барынша әділ, жұрттың бәріне жақсылық жасауға асығып тұратын, ержүрек, батыл болуы керек» деген керемет сөзі парасатты, адамгершілігі мол ұстаз Роза Жұмағұлқызына арналғандай.

«Ұстаз болу - бір кездегі арнымым,
Жолында оның көп іздедім,
талмадым.
Дүние егер бар байлығын берсе де,
Қарамадым, ұстаздықты т аң д а д ы м»

деген оның ойлары оны Семейдің Н.К.Крупская атындағы педагогикалық институтына жетелеп әкелгендей. Семей облысының Көкпекті ауылындағы мектепті тәмамдаған соң аталған институттың «Орыс тілі және әдебиеті, қазақ тілі және әдебиеті» факультетіне оқуға түсті. Сөйтіп, осы салада қырық жыл еңбек етіп, жас ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие берді. Бүгінде ұлағатты ұстаз 85 жасқа толып отыр.

Еңбек жолын Семей облысының Бескарағай ауданындағы Беген орта мектебінен бастаған. 1970 жылы жолдасы Айтмұханбетов Разхан Жабайқанұлының Павлодар облыстық партия комитетіне қызметке ауысуына байланысты отбасымен қоныс аударды. Сол

тұста Роза Жұмағұлқызы Павлодар облыстық Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған гимназияда орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі қызметінде жұмысын жалғастырып, аталмыш білім ордасында ұзақ жыл еңбек етті. Сол уақыт аралығында өзінің кәсіби маман ретіндегі шеберлігімен, ізгілігімен, еңбексүйгіш қасиетімен шәкірттер мен ұстаздардың сый-құрметіне бөленді.

Роза - өз пәнін өте құрметтейтін ұстаз. Ұстаз да дихан сияқты әрбір адамның жанына білім нәрін себеді, әр шәкірттің тәрбиелеп өсіреді, шексіз ғаламға болмысын қатайтып ұшырады, сол үшін бойындағы асыл қасиетін шәкіртіне сіңіріп тәртіп тегеді. Ондаған жылдар аралығында теориялық және әдістемелік даярлығы жоғары ізденгіш білікті ұстаз екенін көрсете білді.

Бар білімін бойына жинап, жаңашылдықпен қызмет етті. Сабақты қызықты шығармашылық тұрғыда өткізетін. Ол «Жел басынан сипаса жерге гүл өседі, ер басынан сипаса елінің ұлы өседі» деген анасының сөздерін бойына тұмардай сақтайтын. Жылдар бойы Павлодар педагогикалық институтымен, облыстық білім жетілдіру институтымен тығыз байланыста болып, студенттерге тәжірибелік сабақ өткізіп, оқытушылармен тәжірибе алмасып отыратын. Көптеген республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарларға қатысып, баяндама жасап, прак-

тикалық ашық сабақтар өткізді. Білім беру саласындағы елеулі еңбегі бағаланып «Қазақ КСР білім беру үздігі», «Методист - оқытушы» белгісімен марапатталды. Көптеген оқушылары аудандық, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып, жүлделі орынға ие болды. Тіпті, Әлия Бұқарбаева есімді шәкірті қазақ мектеп оқушылары үшін орыс тілінде өткен олимпиадада бірінші орын алған.

Роза Жұмағұлқызы жаңашылдыққа, оқу-тәрбие жұмысында заманауи методикалық дәстүрге көп жүгінетін. Сол мақсатта Алматы, Көкшетау, Семей, Ресейдің Смоленск қалаларында тәжірибеден өтіп, біліктілігін шыңдап, сол қалалардағы педагогикалық институт профессорларының қатысуымен ашық сабақ өткізіп, Құрмет грамотасымен марапатталған.

Роза Жұмағұлқызы - өте өнерлі, білімді, адамгершілігі мол жан. Ол ұстаздық қызметпен қатар отбасының берекесі мен мерекесі де бола білді.

Енесі:
Раукен, сен
Тек пейіліңді тік ұста,
дария ғылып,
Жүрегіңді суытпа, арды ұя ғып.
Сабырлы, салқалы келін болдың,
Ақылыңды жүрсін жұрт
жария ғып, -

деп батасын берген екен.

Бүгінгі күні Роза Жұмағұлқызы - ардақты ана, асыл әже, парасаты өне, дербес зейнеткер.



қыздарының, немере-шөбере-лерінің тілеуқоры, бақытты жан.

Туған күн құтты болсын,
Розажан,
Тірлігіңде тербелесін сан арман.
Әрқашан жүзіңнен мейірім
нышаны кетпесін,
Ұрпағың бар, болсын солар
есен-аман, -
деп ақжарма тілегімді жеткізім келеді.

Игі тілекпен, Ғазиза
Рамазанқызы
АБЖАНОВА,
ардагер ұстаз, дербес
зейнеткер, Қазақстан ағарту
ісінің үздігі. (9)

Хабарландыру

«РЛС Плюс» ЖШС Абай және Павлодар облысындағы М-44-62-(106-56-6), М-44-62-(106-56-11), М-44-62-(106-56-12) блоктарында Болдыкөл учаскесінде қатты пайдалы қазбаларға» (2025 жылғы 17 ақпандағы № 3164-ел лицензиясы).барлау жоспары» объектісі бойынша әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ сайт <https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat/activities/directions?lang=ru>.

Аралас форматтағы қоғамдық тыңдаулар (ашық жиналыс және бейнеконференцбайланыс) 2026 жылғы 24 ақпанда сағат 11:00-де Павлодар облысы, Май ауданы, Үлкен Ақжар ауылы, Абай көшесі, 2 (мәдениет үйі), 50°48'01.44" С. Е. 78°27'59.08" ш. б. мекенжайы бойынша өтеді.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында, сондай-ақ «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ-де, Павлодар қ., Жеңіс алаңы, 5Б, 307-каб. мекенжайы бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады, тел. 8(7182) 32-16-81, эл. пошта: unosvr@mail.ru.

Белсенді сілтеме (масштабтау сілтемесі): <https://us05web.zoom.us/j/86923152550?pwd=I9asK4SCkXhQ8vfa1NaaB9b1gXJS.1>.

Конференция идентификаторы: 869 2315 2550, кіру коды: bP0NZs.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық мекенжайлар мен телефондар арқылы алуға болады:

- Бастамашы - «РЛС Плюс» ЖШС, БСН: 210940014243, Өскемен қ., Самар тас жолы, 15, тел. 87751760147, e-mail: Ainur.Manakbayeva@omnmail.org.

Материалдарды әзірлеуші: «Центр проектирования и экспертизы» ЖШС, БСН 160140018493, ШҚО, Өскемен қ., Новаторлар к-сі, 3/1, 16 н. п., тел. 87771493650, e-mail: Cpreinfo@mail.ru. Географиялық координаттар:

Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
град.	мин.	сек.	град.	мин.	сек.
50	19	0,00	78	46	0,00
50	19	0,00	78	45	0,00
50	17	0,00	78	45	0,00
50	17	0,00	78	47	0,00
50	18	0,00	78	47	0,00
50	18	0,00	78	45	0,00

(20175)



Күндізгі болу орталығына өтінім қабылдау ашылды!

♥ Қамқорлық, жайлылық және сауықтыру – сіздің жақындарыңыз үшін!

♦ Толық және жарты күндік қатысу

♦ Медициналық бақылау және ЕДШ (емдік дене шынықтыру)

♦ Дамыту сабақтары және шығармашылық іс-шаралар

♦ Қосымша қызметтер (массаж, диагностика, дәрігерлердің кеңестері, оңалту)

📞 Жеткізу қызметі – толық күнге келген клиенттерді алып барып, қайта әкелеміз!

♦ Орынды алдын ала жазылып қазірден қамтамасыз етіңіз:

📱 Сілтемені WHAT'S APP арқылы жібереміз

Алғашқы 10 клиентке – 1 күн ТЕГІН!



СУРАҚТАРЫҢЫЗ БАР МА?
БІЗГЕ WHATSAPP АРҚЫЛЫ ЖАЗЫҢ
+ 7 705 57 119 47

ПАВЛОДАР

Павлодар облысы әкімдігінің «Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы» ММ Павлодар облысы Денсаулық сақтау басқармасының, Павлодар облысы әкімдігінің «Павлодар облыстық онкологиялық диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнында байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша байқау жариялайды.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 140010, Павлодар қ., Российская к-сі, 57/3 құрылыс, тел. 8(7182) 66-00-36.

Кәсіпорын қызметінің негізгі түрі қатерлі ісіктері бар науқастарға, сондай-ақ қатерлі ісікке дейінгі аурулары бар науқастарға және қатерлі ісіктің болуына күдікті адамдарға, неонкологиялық бейіндегі созылмалы ауруларға мамандандырылған консультациялық, диагностикалық және емдік көмек көрсету (амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын), облыстың ересек тұрғындарының денсаулығын сақтау бағдарламаларын орындау болып табылады.

Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:
- Денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің және (немесе) құқықтың бейіні бойынша кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің болуы;

- Денсаулық сақтау саласында немесе ұйымның және (немесе) экономиканың/қаржының және (немесе) бизнестің бейіні бойынша және (немесе) басшы лауазымдағындағы қызметтегі кемінде жұмыс тәжірибесінің болуы 3 жылдан кем емес.

- Денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) Құқық

саласындағы қоғамдық бірлестіктерге мүшелік.

Төмендегі тұлғалар конкурсқа қатыса алмайды:

- Қазақстан Республикасының заңна-масында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

- заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болып табылады;

- бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

- байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорнын басшысымен тығыз қарым-қатынаста болу.

Байқауға қатысу туралы өтініштерді ұсыну мерзімі:

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар үшін құжаттарды қабылдау бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүргізіледі.

Байқауға қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) жоғары білім туралы құжаттардың көшірмелері;

5) кандидаттың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

6) соңғы жұмыс орнынан еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы мен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жоқтығын растайтын құжаттар.

Байқауға қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіптік даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар және т.б.).

Құжаттар мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қ., Астана көшесі, 59-үй, Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы, тел. 320075, 415-кабинет бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап, күнтізбелік 30 күн ішінде.

Байқаудың өтетін жері: Павлодар облысының Денсаулық сақтау басқармасы Павлодар қ., Астана к-сі, 59, 4-қабат, 415-каб. бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң.

(202)

SARYARQA SAMALY

МЕНШІК ИЕСІ:

«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (Павлодар қаласы) «Ертіс Медиа» ЖШС, «Saryarqa samaly» облыстық газеті

Газетке Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді басылымды, ақпарат агенттігін және желілік басылым-ды есепке қою, қайта есепке қою туралы 29.12.2023 ж. №KZ17V/PY00084792 куәлігі берілген.

Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпы-ұлттық сыйлығымен, 2022 жылы «URKER» ұлттық журналистика сыйлығымен марапатталды.



ЖШС директоры
Руслан БИЛЯЛОВ

Бас редактор
Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ

Телефоны: 66-15-30

ЖШС-нің мекенжайы:

Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.

Редакцияның мекенжайы:

140000, Павлодар қаласы,
Астана көшесі, 143-үй.
Теле/факс 66-15-30

Біздің сайт: saryarka-samaly.kz



Газеттің электронды поштасы: ssamaly29@gmail.com.

Бас редактордың

орынбасары - 66-15-28.

Жауапты хатшы - 65-12-74.

Әлеуметтік бөлім - 66-14-64,

66-15-31, 66-15-32.

Экономика, саясат - 66-14-64,

66-15-28, 66-14-65.

Жарнама бөлімі:

smi14reklama@gmail.com

66-15-42, 66-15-40.

Маркетинг және тарату

бөлімі - 66-15-41.

Газеттің нөмірі «Saryarqa samaly»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Газет аптасына бір рет шығады, осы нөмірдің таралымы 3182 дана, бүгінгі көлемі 7 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспахана-сында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны: 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 46

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Saryarqa samaly»-нда жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазба-ша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Баспа индексі 55443.